

**2022- 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Қарабұлақ ауылының негізгі орта мектебінің «Балбөбек» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3

Жоспардың құрылу кезеңі : Қыркүйек-мамыр

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;
	Көркем әдебиет	ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету
	Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;
	Құрастыру	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;
	Суретсалу	Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:
	Мүсіндеу	сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру
	Жапсыру	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;
	Музыка	түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай алу дағдысын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; – салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру
	Математика негіздері	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
	Қорш.орт. тан.	Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу
	Құрастыру	бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану
	Суретсалу	көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);
	Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру
	Жапсыру	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру
	Музыка	балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажырату дағдысын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Денешынықтыру	жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;
	Сөйлеуді дамыту	заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту;
	Көркемәдебиет	тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету
	Математика негіздері	биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру
	Құрастыру	ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру
	Сурет салу	бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
	Жапсыру	желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау
	Музыка	

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру;
	Сөйлеуді дамыту	жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алу дағдыларын дамыту(ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).
	Көркемәдебиет	кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегі. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Қазақстан - менің Отаным. Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	көп түсті құрылым құрастыру
	Суретсалу	Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру. түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;
	Мүсіндеу	табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту
	Жапсыру	ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуге үйрету
	Музыка	ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау қабілетін жетілдіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға; сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға үйрету
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерге жанашырлық танытуға; шығарма жанрларын (таппақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға үйрету
	Математика негіздері	геометриялық пішіндерді тану және атаудағы дағдыларын қалыптастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	үлгі бойынша құрастыру
	Сурет салу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану; 2) қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану; 3) негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану; 4) таяқпен құмға, бормен асфальтқа сурет салу; 5) ойлау бойынша дербес сурет салу.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру
	Жапсыру	желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдысын қалыптастыру
	Музыка	Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Денешынықтыру	лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру;
	Сөйлеуді дамыту	суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру
	Көркемәдебиет	суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту
	Математика негіздері	Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.
	Қоршаған орта менталитетін нығайту	Ұй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру
	Сурет салу	Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу
	Мүсіндеу	Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту.
	Жапсыру	жайындағы дайын пішіндерге жағу желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру
	Музыка	бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау дағдыларын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттату
	Көркем әдебиет	мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету
	Математика негіздері	өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония) олардың ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру.
	Құрастыру	құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру;
	Сурет салу	жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу.
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; 2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру; 3) пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; 4) геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету.
	Музыка	сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату қабілетін дамыту

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	жүру. Нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; жүгіру. Әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу
	Көркем әдебиет	Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру
	Математика негіздері	Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:жыл мезгілдеріндегі ауа райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру;
	Құрастыру	қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету.
	Сурет салу	салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы таяқшаларымен бояу); дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен) салуды.
	Мүсіндеу	мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу (аққала, поезд, шарбақ, моншақ, сырға
	Жапсыру	қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады.
	Музыка	музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажырату қабілеттерін шыңдау

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	секіру. Бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; екі аяқпен секіру (аяқтар бірге-аяқтар алшақ), тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; домалату, лақтыру, қағып алу. Көлденең нысанаға, алысқа лақтыру, тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру, допты тәрбиешіден 1–1,5 метр арақашықтықта лақтыру, үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан өткізе лақтыру дағдыларын қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту; заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтай білуге үйрету
	Көркем әдебиет	Ертегі кейіпкерлерінің образына кіріп ойнау дағдыларын қалыптастыру
	Математика негіздері	ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	құстарды, жәндіктерді, үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атау және ажырату
	Құрастыру	құрылыс материалдарынан құрастыру
	Сурет салу	бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу.
	Мүсіндеу	қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету.
	Музыка	қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату; ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу дағдыларын дамыту

